



Аудандық газет 1928 жылдан
бастап шығады

Nur Qorǵaljyn

РУХАНИ
ЖАҒЫРУ

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

НҰР-ҚОРҒАЛЖЫН

Аудандық қоғамдық саяси газет 2012 жылдың 1 маусымынан бастап шығарылады

№ 58 (650) БЕЙСЕНБІ 16 ЖЕЛТОҚСАН 2021 ЖЫЛ



Құрметті Қорғалжын ауданының тұрғындары!

Сіздерді ұлық мереке – Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт халқымыз осы уақыт аралығында толағай табыстарға жетті. Мемлекетіміздің қарқынды дамуы тұрақты саясат пен ішкі бірліктің арқасы. Рухы биік, намысы берік бабаларымыздың ғасырлар бойғы асыл мұраты – азаттықты аялау, тағдыры ортақ тұтас халқымыздың татулығын сақтау біздің басты мұратымыз. Бірлігіміз бекем, тірлігіміз тиянақты болсын! Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болғай!

Қорғалжын ауданының экономикалық әлеуеті одан әрі арта түсіп, дамудың үлкен жолына бағыт алсын деп тілеймін!

Құрметпен **Жанбаев Берік Амантайұлы,**
Қорғалжын ауданының әкімі, Қорғалжын аудандық "Nur Otan"
филиалының төрағасы

Құрметті әріптестер, еңбек ардагерлері!

Бодандықта жүрген еліміздің тәуелсіздік жолын іздеуі – талай ғасыр атадан балаға берілген ұрпақ алдындағы міндеті, арман-мақсаты болды. Ұлт үшін келешегінің қамын ойлаған әрбір қазақ азапты да азалы кезеңді көзімен көріп, жан-тәнімен сезінді. Мұндай сұрапыл заманда қанмен жазылған тарих болып ұрпағымыздың санасында мәңгілік орын алады. Өмірлерін қиған аға-апаларымыздың батырлық істерінен өнеге алып, құрмет тұту арқылы болашағымызды тәрбиелеу – біздің міндетіміз.

Азаттық жолындағы арпалыс санамыздан ғана орын алып, адам құнымен келген тәуелсіздіктің маңызын түсіну арқылы татулық-бірлігімізді қолдап, ұжымдаса бабаларымыздың мақсатын жүзеге асыруды, ұлт алдындағы міндетімізді қалтқысыз орындайық!

Ұлы істерді ұлықтау арқылы балаларымыз саналы, Отанымыз тыныш, ұлтымыздың тұғыры биік, отбасы мүшелері аман болсын! Еліміздегі ішкі және сыртқы татулығымыз мәңгілік болып, ел мәртебесін көтеруге үлесін қосатын ұрпағымыз білікті де білімді, ұлт ретінде дүние жүзі бойынша ғұмырлы да мән-мағыналы орын алуымызды тілеймін.

Құндылығымыздың бастысы, Тәуелсіздік күні, құтты болсын!
Ізгі ниетпен, **Қорғалжын аудандық Білім қызметкерлері кәсіподақ**
кеңесінің төрағасы, **Қорғалжын ауданының Құрметті**
азаматы **Нұрлан Тәжін**

СҮЙІНШІ

Арқаға аты әйгілі Қорғалжын балығы

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, мереке күндері қарсаңында Қорғалжын ауданында балық өңдейтін арнайы цех ашылды. Аталған цех Ақмола облысы бойынша осы бағытта жұмыс атқаратын жалғыз өндірістік орын болып отыр.



Аудан орталығына жақын орналасқан Абай ауылына арнайы барған Қорғалжын ауданының әкімі Жанбаев Берік Амантайұлы, Қорғалжын ауданы әкімінің орынбасары Дарын Сабырғалиұлы, маслихат хатшысы Берік Оралбайұлы ашылу рәсіміне қатысып, жаңа жұмыс бастамасына ақ жол тіледі. Кәсіпкер Хасенов Ерсайын мырза шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламалары бойынша өндіріске қажетті құрылғылар алуға 30 млн теңге сомасына несие алған. Бүгінгі күні кәсіпкер өз есебінен 20 млн. теңге сомасына ауданы 100 шаршы метр өндірістік ғимарат салып, балық өңдейтін цех жұмысын бастады. Алдағы уақытта кәсіпкер балық өнімдеріне жеке-жеке сертификат алған соң, өндіріс жұмысы жүзеге асады. Цехта Қорғалжын ауданының арқаға аты

танылған, дәмі тіл үйретін көл балықтарының барлық түрлері өндіріледі. Мұнда қатырылған жартылай дайын котлеттер, тартылған балық еті секілді тағам түрлері болады. Дайын өнім ең алдымен Қорғалжын ауданы дүкендеріне сатылымға шығарылып, кейін облыс және Нұр-Сұлтан қаласы көлемінде келісімдер жасалады. Кәсіпкердің айтуынша кәсіпорынға бастапқы мерзімде 4-5 адам жұмысқа алынып, оларды арнайы жабдықтармен жұмыс жасауға оқыту да жоспарлануда. Осындай бағыттағы кәсіпорын ашуға үш жыл мерзімі жұмсалған. Бұл цехтың жұмысы алға басатын болса, ауданның экономикалық әлеуетін көтеруге үлкен табыс әкелетіні сөзсіз.



ОБЪЯВЛЕНИЕ

Проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по проекту «Полевая производственная база предприятия сельскохозяйственного назначения» Адрес предприятия: Ақмолинская область, Қорғалжынский район, с.Ушсарт, ул. Кобетей, дом 8».

Заказчик – ТОО «АГРО-КОБЕТЕЙ», Ақмолинская область, Қорғалжынский район, с.Уш-Сарт, ул Кобетей дом №8, БИН: 010140005878, 9840883@mail.ru, тел: 87019840883.

Разработчик проекта – ТОО «АСТЕТИКА» (8(7172)238238), ОВОС – ТОО «АСТЕТИКА», 8 (7172)238238.

Местный исполнительный орган – Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Ақмолинской области, natur@aqmola.gov.kz.

Проектная документация, подлежащая обсуждению, будет размещена на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/> в разделе «Опубликованные публичные обсуждения» по истечении пяти рабочих дней со дня опубликования данного объявления и на сайте МИО www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru.

Замечания и предложения принимаются по электронным адресам: 29012009@list.ru (тел.: 87023282717) и natur@aqmola.gov.kz (тел.: 8 (7162) 25-19-86).

ХАБАРЛАНДЫРУ

"Ауыл шаруашылығы мақсатындағы кәсіпорынның далалық өндірістік базасы" Кәсіпорынның мекен-жайы: Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Ушсарт ауылы, Көбетей көшесі, 8 үй" жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Тапсырыс беруші - "АГРО-КОБЕТЕЙ" ЖШС, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Ушсарт ауылы, Көбетей көшесі, №8 үй, ЖСН: 010140005878, 9840883@mail.ru, тел: 87019840883.

Жобаны әзірлеуші – "АСТЕТИКА" ЖШС (8(7172)238238), Қоршаған ортаға әсерін бағалау - "АСТЕТИКА" ЖШС, 8(7172)238238.

Жергілікті атқарушы орган – Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, natur@aqmola.gov.kz.

Талқылауға жататын жобалық құжаттама https://ecportal.kz/бiрiнғай_экологиялық_порталда_«Жарияланған_қоғамдық_талқылаулар»_бөлімінде_осы_хабарландыру_жарияланған_күннен_бастап_бес_жұмыс_күні_өткеннен_кейін_орналастырылатын_болады_және_Жергілікті_атқарушы_органның_www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru сайттарында орналастырылды.

Ескертулер мен ұсыныстар мына электронды мекенжайлар бойынша қабылданады: 29012009@list.ru (тел.: 87023282717) және natur@aqmola.gov.kz (тел.: 8 (7162) 25-19-86).

Главный санитарный врач Акмолинской области Айнагуль Мусина рассказала об эпидемиологической ситуации с коронавирусом в регионе. По ее словам, с начала пандемии зарегистрировано почти 50 тысяч случаев заражения, сообщает региональная служба коммуникаций.

Почти 50 тысяч акмолинцев заболели коронавирусом с начала пандемии



Несмотря на количество заболевших, по словам Айнагуль Мусиной, эпидемиологическая ситуация в области относительно стабилизировалась.

«С начала пандемии зарегистрировано 48852 подтвержденных случаев COVID-19, показатель на 100 тыс. населения 6660,83, средивзрослых – 43217 случаев (88,4%), среди детей до 14 лет – 5635 (11,5%)», - проинформировала главсанврач. Выздоровело 47378 человек, продолжают лечение 916 человек. Айнагуль Мусина напомнила, всего

по области в вакцинации против Covid-19 задействованы 133 прививочных пунктов.

«Первым компонентом (5 вакцин) с начала прививочной кампании привито 319 321 человек, что составляет 43,4% от общего числа населения. Привито 290 232 человек получивших второй компонент, что составило от общего числа населения 39,5%», - рассказала Айнагуль Мусина.

Спикер отметила, вакциной Cominaty привиты 49 беременных женщин, 524 женщины в период лактации и 1731 подростков с 12 по 17 лет включительно. Неблагоприятные реакции на вакцину не зарегистрированы.

«22 ноября в регионе, как и по всей республике, дан старт ревакцинации, 3896 человек на добровольной основе решили укрепить иммунную систему и защитить себя от коварной болезни», - заключила Мусина.

QazVaq отандық вакцинасын тіркеу процесі қай кезеңде тұр

ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой QazVaq отандық вакцинасын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен тіркеу процесі қай кезеңде екенін айтып берді, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Әрине, процесс жүріп жатыр. Жақында ғана Женевада болған сапарымда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бас директорымен пікір алмастық. Орлар ұйым тарапынан толық қолдау болатынын алға тартты. Қазіргі кезде тиісті жұмыстар жүріп жатыр. Қазақстанда орналасқан біздің өңірлік кеңсе де осы мәсемен айналысып жатыр. Яғни, құжаттарды тапсыру рәсімі жүзеге асырылып жатыр», - деді А. Цой Парламент Мәжілісінде тілшілер сауалына жауап бере отырып. Оның айтуынша, қазіргі кезде мамандар қандай қосымша құжаттарды өткізу керек екенін айқындап жатыр. Бұдан бұрын хабарланғандай,



министр Pfizer вакцинасының бағасы жеткізу құнына байланысты болатынын айтты.

https://www.coronavirus2020.kz/kz/qazvaq-otandyk-vakcinasyntirkeu-procesi-kay-kezende-tur_a3871848



Өркендеу ауылында «Дудар-ай» шығармашылық үйі ашылды

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Қорғалжын ауданы, Өркендеу ауылында Мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыстарды жан басына нормативтік қаржыландыру платформасы бағдарламасын орындау мақсатында «Дударай» балалар шығармашылық орталығы ашылды.



Салтанатты іс шараға Қорғалжын ауданының әкімі Берік Амантайұлы және аудан әкімінің орынбасары Дарын Сабырғалиұлы қатысты. Аталған мекеменің ашылуына «Адал Ниет Астана» жеке қорының басшысы Бейсенбаева Бибисара Нұртайқызы демеушілік жа-

сады. Шығармашылық орталыққа алты жастан асқан балалар қабылданады. Бұл шығармашылық үйінде білдіршіндер мен жасөспірімдер құрақ құру, киім тігу, вокал, домбыра, актерлік шеберлік секілді өнер үйірмелеріне қатысып, таланты мен талабын шындай алады.

Ревакцинация тактикасын өзгерттік

ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой Үкімет отырысында халықты ревакциналау тактикасы өзгергенін мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Әлемде қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, иммундау жөніндегі ұлттық консультативтік комиссия халықты қайта вакцинациялау тактикасын қайта қарады. Осылайша, 8 желтоқсаннан бастап 6 айдан кейін вакцинацияны екі дозамен аяқтаған барлық адамдар, сондай-ақ коронавирус инфекциясымен ауырған адамдар да қайта вакцинациялауға жатады. Бүгінгі күні ревакцинациямен 44 702 адам қамтылды», - деді министр. Оның айтуынша, Денсаулық сақтау министрлігі коронавирус инфекциясы штамдарының айналымдағы нұсқаларының

мониторингін тұрақты негізде жүргізіп келеді. «Мәселен, «Омикрон» штаммының пайда болғанын ескеріп, Алматы қаласында аталған штамм нұсқасына тән мутацияның болуына алдын ала ПТР скрининг жүргізілді. «Омикрон» штаммының нұсқасы айналымы анықталған жоқ. Қазақстанның барлық өңірлерінде іріктелген оң сынамалардың үлгілерін толық геномдық тұрғыдан тексеру жалғасуда», - деді Алексей Цой.

https://www.coronavirus2020.kz/kz/revakcinaciya-taktikasyn-ozgerttik-alekseycou_a3872184

Автокөліктегі өрт қауіпсіздігі қағидалары

Автокөліктегі өрттердің негізгі себептері – көліктердің техникалық ақауынан және қозғалтқыш бөлігінің тоқ сымдарының қысқаша тұйықталуынан болып отыр. Осыған байланысты төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері жүргізушілерге көліктегі тоқ сымдарына назар аудару маңызды екенін ескертеді. Сол арқылы оқиғаның орын алуын төмендетуге болады. Ол үшін автокөліктер уақытында техникалық тексеруден өткізіліп тұруы қажет.

Автокөліктердің жүру жиілігі мен жылдамдықтарының өсуі жол көлік оқиғаларының орын алуына, адам өлімі мен материалдық шығынның өсуіне себеп болады. Олардың пайдалану тиімділігін арттыру-оның қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз етуге тікелей байланысты. Бұл техникаларды пайдалануда өрт қауіпсіздігін сақтау да өзекті мәселесінің бірі.

Автокөліктерде болған өрттердің салдары ауыр апаттарға, адам өлімі

мен техникалардың істен шығуына әкеп соғады. Сондықтан олардың өрт қауіпсіздігі жағдайын арттыру мақсатында оларды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықтау қажет.

Автокөліктерді апаттардан және өрттерден қорғау мақсатында ең алдымен бұл мақсаттағы ережелерді сақтағандарыңыз жөн. Олардың механизмдері мен тораптарының дұрыс істеуін қадағалаңыз. Акумуляторларды тура көлік құралдарында, сондай-ақ осы

мақсатқа икемделмеген үй-жайларда қосуға тыйым салынады. Гараж бөлмесін жылытуға, жарықтандыруға және көлік қозғалтқыштарын қыздыруға ашық от көздерін, сонымен қатар қолдан жасалған электр жылытқыштарын пайдаланбаңыздар. Гараж бөлмесінде жанатын материалдардан жасалған үй жиһаздары мен бұйымдарын және жанатын сұйықтықтар мен тез тұтанатын сұйықтықтарды сақтамаңыздар.

Сонымен қоса автокөлікте өрт болған

жағдайда келесі іс-әрекеттерді қолдану. Автокөлікті тоқтатыңыз.

Автокөліктің қозғалтқышы өшіріңіз. Капоттың құлпын босатыңыз, бірақ капотты ашпаңыз.

Барлық жолаушыларды автокөліктен шығарыңыз.

«101» нөміріне қоңырау шалыңыз және өрт сөндірушілерді шақырыңыз.

Егер бұл қауіпті болмаса, автокөліктегі бар өрт сөндіргішті пайдалануға тырысыңыз.

Автокөліктерде болған өрттерді талдау нәтижесінде өрттердің шығуының басты себебі – автокөліктердің электр сымдарының қысқа тұйықталулар салдарынан болғандығы анықталды. Егер де автокөліктердің электр жүйесінде ақаулары байқалса, оны тез арада маманға көрсетіп жөндеу керек.

Қорғалжын ауданы ТЖБ және №15-ӨСБ

ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕР МАРАФОНЫ

Қорғалжын ауданында аз қамтылған отбасыларға, мүгедек балаларға, жетім балаларға, жалғыз басты қарттарға көмек көрсету үшін аудан әкімінің орынбасары Д.Сабырғалиұлы-ның бастамасымен “Мейірім” қайырымдылық көмек қабылдау пункті ашылған болатын. Ағымдағы жылдың 30 қараша күні Жастар ресурстық орталығының мамандары “Мейірім” қайырымдылық көмек қабылдау пунктіне киімдер табыстап, өз үлестерін қосты.



30 ИГІ ІС АКЦИЯСЫ

Ігі істер марафон аясында Қорғалжын ауданында аз қамтылған және мүмкіндігі шектеулі отбасыларға Жастар ресурстық орталығының атынан азық-түлік ретінде көмек көрсетілді.

#Қайырымды істер марафоны
#Марафондобрыхдел



2021 ж. 10-желтоқсан күні Қорғалжын спорт мектебінің ұйымдастырумен ауданымыздың агротехникалық колледжінің спорт залында жасөспірім ұл-қыздар арасында ҚР Тәуелсіздігінің 30-жылдығына арналған үстел теннисінен облыстық ашық біріншілік өтті.



Осы жарысқа Астрахан ауданы, Шортанды ауданы және Қорғалжын ауданының мектептерінен 20 команда 50-ге жуық қатысушы болды. Қорғалжын спорт мектебінің теннисшілері Қаппар Асанәлі ІІ-орын, Амангельдиева Жаннұр ІІІ-орынды иеленді. Жарыс соңында жүлдегерлер арнайы мадақтама, медаль және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Бапкері Айдынғалиұлы Әбілмансұр.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – КОРРУПЦИЯ. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Елбасы «Қазақстан халқының әл-ауқатын артты-

ру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетті. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

Әрине, ең алдымен бүгінгі бала, ертеңгі мемлекеттік қызметкердің отбасындағы тәлім-тәрбиесі дұрыс болуы ләзім. Тәрбие от басынан басталады, ата-анасының шаруаны пара беру арқылы шешетінін, не пара алу арқылы өздерінің материалдық жағдайын жақсартып отырғанын көріп өскен бала, бұл жағдайды орынды, яғни солай болуы керек екен деп түсінеді. Есейгенде ол баладан қандай мемлекеттік қызметкер шығады? Қалтасының қамын ойлайтын шенеунік бола ма, әлде тәуелсіз еліміздің нығаюына, қазіргі жаһандану заманында патриоттық сезімді барынша бойына терең сіңдірген, ел дамуының ұйытқысы болатын нағыз азамат шыға ма? Соңғысы болса ләзім. Сондықтан, әрбір отбасы осы мәселеге аса мән бергені абзал.

Қазақстан - көп ұлтты, болашағына сенімді және қарқынды дамып келе жатқан мемлекет. Алдымызда әлі талай үлкен міндеттер тұр, талай сын кезеңдерден өтуге тура келеді және сапалы нәтижеге қол жеткізуіміз қажет.

Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы



Ақмола облысында Тәуелсіздігіміздің мерейтойына арналған халықаралық айтыс өтті

Облыс орталығы, Қазақстанның мәдени астанасы – Көкшетауда Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – Тұғырым» атты халықаралық ақындар айтысы өтті, деп хабарлайды ішкі саясат басқармасы.

Ақындар айтысына Қазақстан, Қырғызстан және Қытайдың түрлі аймақтарынан 12 айтыскер қатысты.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, іс-шара қазақ халқының рухани мұрасын насихаттауға, ақындық импровизацияны дамытуға, ақындардың мәдениеті мен орындаушылық шеберлігін арттыруға, халықты дәстүрлі фольклорлық шығармашылыққа баулуға бағытталған.

Қатысушылардың шеберлігін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы, драматург Жабал Ерғалиев, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, айтыскер ақын, ҚР Мәдениет саласының үздігі Құдайберлі Мырзабек, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, ақын-жазушы Ерболат Баятұлы, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің қауымдастырылған профессоры филология ғылымдарының кандидаты Сәбит Жамбек, ақын, журналист, ҚР Жазушылар одағының мүшесі Алмас Темірбай бағалады.

Ақындық турнир барысында ақындар республиканың егемендік жылдарындағы жетістіктері мен табыстарын, саяси тұрақтылықты, достықты, Қазақстан халқының бірлігі мен келісімін жырлады.

Айтыстың қорытындысы бойынша бас жүлде мен 1,5 миллион теңге көлеміндегі сертификатты Батыс Қазақстан облысынан келген Мурадym Мирланов жеңіп алды.

Бірінші орын және 1 миллион теңге сомасындағы сертификатты Қырғызстаннан келген Темірбек Матыбаев иеленді.



Екінші орынды Қытай Халық Республикасынан Ерлан Аманқожа мен Нұр-Сұлтан қаласынан Әсем Ережеқызы алды. Оларға 650 мың теңге сомасында сертификаттар берілді.

Үшінші орынды Ақмола облысының өкілдері бөлісті - Көкшетаудан Нұрмахан Жақыпбек және Ерейментау ауданынан Ерлан Дәулет 500 мың теңгенің сертификатын алды.

«Тәуелсіздік күні қарсаңында Ақмола жерінде жарқын мәдени іс-шара өтті. Қатысушылардың әрқайсысы шеберлік пен импровизацияның жоғары деңгейін көрсетті. Ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін және барша қазақстандықтарды келе жатқан мерекемізмен құттықтаймын», - деді айтыскер Нұрмахан Жақыпбек.

Айта кетейік, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында өңірде 1000-нан астам түрлі мәдени іс-шаралар өткізілді.

Қорғалжын аудан көлемінде жаңа жыл мерекесін өткізу кезеңінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдар айналымының белгіленген қағидаларын сақтауын бақылау мақсатында 2021 жылдың 15 желтоқсан – 2022 жылдың 03 қаңтар аралығында «Пиротехника» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

Қорғалжын аудан аумағында «Пиротехника» жедел-профилактикалық іс шарасы өткізіледі

ЖПШ өткізу мақсаты - сертификатталған пиротехникалық өнімдерді қауіпсіз қолдану нұсқаулығы болған кезде, оларды сатуға арнайы белгіленген орындардан ғана сатып алуға азаматтардың назарын аудару, жалпы білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандардың азаматтық пиротехникалық бұйымдарды пайдалануын болдырмау және өртке қарсы және жеке қауіпсіздік шараларын түсіндіру, заңды және жеке тұлғалардың азаматтық пиротехникалық бұйымдарды сатып алу, сақтау, пайдалану, тасымалдау, әкелу, әкету тәртібін сақтауын қамтамасыз ету.

Жаңа жылды мерекелеу кезеңінде азаматтық пиротехникалық бұйымдарды қолданумен байланысты құқық бұзушылықтың профилактикасына бағытталған, оның барысында:

Сертификатталмаған пиротехникалық бұйымдардың бей-берекет саудасы, сондай-ақ рұқсат құжаттарынсыз сату фактілерін анықтауға және жолын кесуге бағытталған рейдтік іс-шаралар жүргізу, бұл ретте адамдар жаппай жиналатын орындарды (сауда-ойын-сауық мекемелері, сауда және спорт объектілері, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет ұйымдары, қонақ үйлер, қоғамдық тамақтану объектілері, вокзалдар және т.б.) тексеру.

Қорғалжын аудандық полиция бөлімінің әкімшілік полиция бөлімшесі

Шыршаны орнатқанда оның бөлмеден шығуға кедергі келтірмей орналасуын қадағалау қажет. Шыршаны жылу беру батареясының жанына орналастырған қауіпті. Иллюминацияны қосқан кезде бөлмедегі жарықты толықтай өшіруге болмайды.

Жаңа жылдық іс-шараларды өткізу кезінде өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау туралы естеріңізге саламыз!

Мереке аяқталған соң шыршаны үйде ұзақ ұстаудың қажеті жоқ. Кеуіп қалған қылқанның өрт қауіптілігі жоғары болады. Сонымен қатар, синтетикалық материалдардан дайындалатын жасанды шыршалардың өрт шығу қаупі бар және олар жанған кезде денсаулыққа қауіпті улы заттар бөлінеді.

Жаңа жылдың бенгал алауы мен әр түрлі мерекелік отшашуларсыз өтпейтіні белгілі. Жаңа жылды тойлау қарсаңында әр түрлі өрт шығу қаупі бар пиротехникалық құралдар қолданылады, олардың салдарынан өрттің шығуы, адамдардың жарақат алуы және мертігуі әбден мүмкін. Мұндай заттарды сатып алғанда бірнеше қағиданы естеріңізде ұстаған жөн.

Пиротехниканың барлық түрі тек далада пайдалануға арналған! – отшашуға арналған орынды таңдап алыңыз. Мұның кең ашық алаң болғаны дұрыс – мысалы, ағаштар мен құрылысы жоқ аула, бақ немесе алаң.

– таңдап алынған жерді мұқият қарап шығу керек, жанында өрт шығу қаупі бар нысандар, автокөлік тұрақтары, ағаш қоралар немесе гараждар 100 метр радиуста болуы тиіс.

– отшашу кезінде айналасында түскен жапырақтар мен қылқандар, құраған шөп болмауы қажет, өйткені бұлар кенеттен үшкен түскен болса, өртенуі мүмкін.

– көрермендердің қайда болатын алдын ала ойластырыңыздар. Оларға жақсы көрінуін және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек, бұл үшін оларды жел соқпайтын жақтан отшашу алаңынан 35-50 метр қашықтықта оларға жел арқылы түтін мен бұйымдардың жанбаған бөліктері ұшпайтындай етіп орналастыру қажет.

– егер сіздің аулаңыз шағын әрі тар болатын болса, онда петарда, шартылдақ, шығыр сияқты жерге жағылатын түрлерін ғана пайдалану қажет, мұндай жерде жоғары қарай ұшатын отшашу түрлерін тіпті қолдануға болмайды. Оларды тұрғын үйлер мен құрылыстардың қасында мүлде пайдалануға болмайды: олар терезеге түсіп, шатырға өтіп, өрттің себебіне айналуы мүмкін. Ең дұрысы үйден тыс жерге барып пайдаланған жөн.

Қорғалжын ауданы ТЖБ және №15-ӨСБ

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДА "ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРЛАНДАРЫ" ЖАСТАР ФОРУМЫ ӨТТІ

Астрахан ауданында Ел Тәуелсіздігінің мерейтойына арналған "Тәуелсіздік тарландары" атты жастар форумы өтті, деп хабарлайды ішкі саясат басқармасы.

Форумға жас мемлекеттік қызметшілер, жастар бірлестіктерінің белсенділері, волонтерлік ұйымдардың көшбасшылары, оқушылар мен студент жастар қатысты.

Аудан әкімінің орынбасары Жанар Шахпутова қатысушыларды құттықтай отырып, іс-шараны өткізудің ерекше маңыздылығын атап өтті.

"Бүгінгі форумның ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу қарсаңында өтуінің символдық мәні бар. Егемендік алған алғашқы күннен бастап біздің мемлекетіміз жастар мәселелеріне үлкен көңіл бөліп келеді. Дәл Сіздерде, бақытты өмір сүру үшін өз зияткерлік және шығармашылық әлеуетін іске асыруға мүмкіндік бар. Сіздермен, біз болашағымызды бейнелейміз, ең жоғары үмітіміз сізбен байланысты, бүкіл Қазақстан сіздің жарқын жетістіктеріңізді мақтан тұтады және таң қалдырады", - деді өзінің құттықтау сөзінде өңір басшысының орынбасары.

Форумда түрлі қызмет саласының жас мамандары, жастар бірлестіктерінің белсенділері сөз сөйлеп, өз жұмысы, өз мүдделері мен іске асырылып жатқан жобалары туралы айтып, болашаққа арналған жоспарларымен бөлісті.

Іс-шара барысында жастардың белсенді өкілдері азаматтық қоғам мен мемлекеттік жастар саясатын дамытуға қосқан үлесі үшін аудан әкімінің алғыс хаттарымен марапатталды.

Іс-шара соңында аудан жастарына арналған Үндеу қабылданды.

Ақмола облыстық кітапханасы 75 жылдығын атап өтуде

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығында Мағжан Жұмабаев атындағы Ақмола облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының құрылғанына 75 жыл толады. Осы оқиғаға орай "Тәуелсіз елдің заманауи кітапханасы" атты облыстық форум өтті, деп хабарлайды ішкі саясат басқармасы.



Іс-шараның қатысушылары мен қонақтарын қарсы ала отырып, мәдениет, архивтер мен құжаттамалар басқармасының басшысы Айгүл Сәбитова мекеменің облыс кітапханаларын жаңғыртуға қосқан зор үлесін атап өтті.

"Тарихы 1919 жылы басталған облыстық кітапхана оқырмандар үшін көптеген жылдар бойы кітапханалық, библиографиялық, ақпараттық қызмет көрсетіп қана қоймай, өскелең ұрпақты тәрбиелейтін білім ордасына айналды. Мекеме кітапханаларды ақпараттандыру саласындағы өңірлік саясатты қалыптастыруға, өңірлік бағдарламаларды әзірлеуге қатысады. Мекеме қызметкерлері өз тәжірибесін басқа кітапханалардағы әріптестеріне береді, консультациялық және практикалық көмек көрсетеді", - деді облыстық ведомствоның басшысы.

Мағжан Жұмабаев атындағы кітапхана қоры 360 мың құжаттан асатын облыстағы ең ірі ақпараттық-мәдени орталық болып табылады. Жыл сайын кітапхана оқырмандары 31 мыңнан астам нақты және виртуалды пайдаланушылар болып табылады, 320 мыңнан астам кірулер тіркеледі, оның ішінде кітапхананың веб-сайтына да, 300 мыңнан астам дана түрлі баспа басылымдары, электрондық ресурстар, аудиовизуалды құжаттар беріледі.

Форум барысында кітапхана ісінің ардагерлері, облыстық және аудандық кітапханалардың мамандары "Кітапхана ардагері", "Кітапхана үздігі" төсбелгілерімен, Ақмола облысы әкімінің, мәдениет, архивтер мен құжаттамалар басқармасының алғыс хаттарымен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Іс – шарада "Үздік оқитын отбасы-2021" байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Айта кетейік, облыстық әмбебап ғылыми кітапхана бірнеше рет "Рухани қазына" мәдениет және өнер мекемелері мен қызметкерлерінің республикалық байқауының жеңімпазы атанды. 2020 жылы кітапхана "Мемлекеттік кітапханалардың үздік сайты" номинациясында жеңімпаз болып танылса, 2021 жылы "Үздік инклюзивті жоба - 2021" номинациясында және "Мәдениет жанашыры" жеке номинациясында жеңімпаз атанды.

#Qazaqstan30 #Aqmola30kz @qazaqstan30jyl

Меры пожарной безопасности в отопительный сезон

НЕ ОСТАВЛЯЙТЕ без присмотра топящиеся печи, заженные керосинки, керогазы, примусы, включенные электронагревательные и газовые приборы.

НЕ ДОПУСКАЙТЕ одновременного включения в электросеть нескольких мощных потребителей электроэнергии (электроплита, электрокамин, чайник и др.), вызывающих перегрузку электросети.

СЕРЬЕЗНУЮ ОПАСНОСТЬ представляет использование нестандартных самодельных отопительных приборов.

СЛЕДИТЕ за исправностью всех электробытовых приборов.

НЕДОПУСТИМО оставлять включенными газовые приборы без присмотра. Над газовой плитой нельзя сушить белье.

НЕЛЬЗЯ: при наличии запаха газа в квартире включать электроосвещение, зажигать спички, курить, применять открытый огонь. В этом случае необходимо немедленно вызвать аварийную службу газа и до ее прибытия тщательно проветрить помещения.

Открывая кран газопровода, следует проверить, закрыты

ли краны у газовых приборов. Перед тем, как зажечь газовую горелку, нужно зажечь спичку, а затем открывать кран горелки.

НЕ ДОПУСКАЙТЕ отогревание замерзших труб паяльной лампой или факелом.

Не оставляйте детей дома одних, когда горит газовая плита, топится камин, печь или включены электроприборы.

ПРИ ИСПОЛЬЗОВАНИИ ОТОПИТЕЛЬНЫХ ПРИБОРОВ запрещено пользоваться электропроводкой с поврежденной изоляцией.

НЕ УСТАНАВЛИВАЙТЕ электронагревательные приборы вблизи сгораемых предметов.

НЕ ЗАБЫВАЙТЕ, уходя из дома, выключать все электронагревательные приборы. **НЕ ПРИМЕНЯЙТЕ** для розжига печей бензин, керосин, и другие легковоспламеняющиеся жидкости.

СЛЕДИТЕ за расстоянием от топного отверстия печи до мебели, постелей и других сгораемых приборов. Это расстояние должно быть не менее 1,25 м.

НЕ ЗАБЫВАЙТЕ очищать от сажи дымоходы перед началом

отопительного сезона и через каждые три месяца в течение всего отопительного сезона.

НЕ ПОЛЬЗУЙТЕСЬ печами, имеющими трещины, неисправные дверцы, недостаточные разделки от дымоходов до деревянных конструкций стен, перегородок перекрытий.

НЕ ЗАБЫВАЙТЕ: для отвода дыма следует применять строго вертикальные дымовые трубы без уступов. Толщина стенок дымовых каналов из кирпича должна быть не менее 120 мм.

ПОЗАБОТЬТЕСЬ о том, чтобы около печи был прибит предтопочный лист (размером не менее 70x50 см).

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ!

В СЛУЧАЕ ПОЖАРА ИЛИ ПОЯВЛЕНИЯ ДЫМА НЕМЕДЛЕННО СООБЩИТЕ В ПОЖАРНУЮ ОХРАНУ ПО ТЕЛЕФОНУ 101 или 112, УКАЗАВ ТОЧНЫЙ АДРЕС.

ПОМНИТЕ! Безусловное выполнение противопожарных мероприятий исключит опасность пожара в вашем доме.

ОЧС Коргалжынского района

Құрылтайшы меншік иесі:
ЖШС «Нұр-АяуЖан»
Директор/редактор:
Ботагөз Тажимова
Дизайнер-беттеуші:
Абдрасимова Айнагүл

Мекен-жайы:
Ақмола облысы,
Қорғалжын ауылы,
Досымсейіт Отарбеков
көшесі 9,
тел: +77028476242

Газет
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және Ақпарат
министрлігі
Ақпарат және Мұрағат
комитетінде тіркеліп,
№12797-Г куәлік алған
(01.06.2012)

Газет «Нұр-Қорғалжын»
«Нұр-АяуЖан» ЖШС
редакциясында теріліп жиналды,
«Медиа-холдинг ERNUR» ЖШС
Астана қ-сы, Сілеті к-сі 30,
Тапсырыс № 647
Таралымы 600 дана
Аптаның әр бейсенбі
күндері шығады

Автордың пікірі редакцияның
кез-қарасын білдірмейді.

Қол жазба рецензияланбайды
және авторға қайтарылмайды

Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес

Ұсынылған материалдардағы фактілер
үшін автор жауап береді

Интернеттен алынған ақпараттар
басқа автор атынан жарияланбайды.